

KAZ MINERALS КОМПАНИЯСЫНЫҢ ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢДІК САЯСАТЫ

МАҚСАТЫ

KAZ Minerals компаниясы бүкіл ұжым арасында позитивті, жайлы және инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға ұмтылады. Біз корпоративтік құндылықтарымызды, атап айтқанда топтық жұмыс, адалдық, ұзақ мерзімді тиімділік, кәсіби даму және қауіпсіздікті белсенді түрде насихаттаймыз және әртүрлілік пен теңдіктің ерекше маңызды екеніне сенеміз.

Біздің ұжымдағы әртүрлілік пен теңдік бизнеске ойымыздың әр түрлі болуынан, тәжірибеден және кәсіби құзыреттіліктен пайда табуға мүмкіндік береді. KAZ Minerals компаниясының еңбек ұжымы қоғамның барлық топтарынан құралған және Компания өзінің қызметін жүзеге асыратын елді мекен тұрғындарының мақсат-мүддесін білдіреді.

Бұл Саясат біздің барлық бөлімшелерде, сондай-ақ басқа жерлерде өтетін кездесулерде, іс-шараларда және қоғамдық іс-шараларда мінез-құлық тәртібіне қолданылады. Барлық қызметкерлер осы Саясатты іс жүзінде қолдануға өзінің жеке қатысы бар екенін білуге міндетті, сонымен қатар оның талаптарын сақтауға және жұмыс орнында кемсітушілікке жол бермеуге міндетті.

Байқау кеңесіне Компанияның барлық қызметкерлеріне тең қарым-қатынас қағидатын сақтағаны үшін ұжымдық жауапкершілік жүктеледі, ал осы Саясатты Байқау кеңесі бекітеді.

САЯСАТТЫҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ

KAZ Minerals компаниясы қызметкерлердің табысқа жетуіне кедергі келтіретін кедергілерді жою арқылы барлық адамдарға әділ қарауды қолдайды. Әртүрлілік адамдар арасындағы айырмашылықты біздің жұмыста қолданылатын мәдениетіміздің бөлігі ретінде түсінуге, құрметтеуге, бағалауға және пайдалануға мүмкіндік береді.

Біз қызметімізді жүзеге асыратын елдерде еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптарды және өндірістік талаптарды қоса алғанда, заңнамада және нормативтік-құқықтық актілердің талаптарында ұйғарылған жағдайларды қоспағанда, қызметкерлерді олардың жасына, жынысына, нәсіліне, ұлтына және этникалық шығу тегіне, отбасылық жағдайына, дініне, тіліне, саяси нанымына, жыныстық көзқарасына, жүктілігіне, ана мен әке болуына немесе мүгедектігіне (кемсітудің тыйым салынған белгілері) байланысты кемсітуге жол бермейміз. Біз қызметкерлерді олардың ерекшеліктеріне қарамастан іріктеу мен жұмысқа орналастыру бойынша әділ және біркелкі көзқарасты қамтамасыз етуге тырысамыз және тікелей және жанама түрде заңсыз немесе әділетсіз кемсітудің, қудалаудың немесе тыйым салынған кемсіту белгілері бойынша қысым көрсетудің кез келген түріне жол бермейміз.

Жұмысқа орналасу, қызмет бабында өсу, оқу немесе кез келген өзге де артықшылықтар алу бойынша үміткерлерді іріктеу компания өзінің қызметін жүргізетін елдердің заңнамасын сақтау үшін қолданылатын жағдайларды қоспағанда, тыйым

салынған кемсіту белгілерінің болуы немесе болмауы негізінде емес, қабілеттерін, тәжірибесі мен біліктілігін қоса алғанда, еңбегі негізінде жүзеге асырылады.

KAZ Minerals келесі қағидаттарды ұстанады:

- Жұмыс орындарындағы теңдік пен жан-жақтылық.
- Қызметкерлерді басқа адамдарға құрметпен қарауға шақыру.
- Қызметкерлердің оқуға және олардың тәжірибесі мен қабілеттеріне сәйкес келетін басқа да мансаптық мүмкіндіктерге бірдей қол жеткізуін қамтамасыз ету.
- Команданың барлық мүшелерінің жеке айырмашылықтары мен қосқан үлестерін мойындайтын және бағалайтын орта құру.
- Кемсітуге ұшыраған барлық қызметкерлерге өздерінің шағымдарын тікелей басшыға немесе аймақтық кадрлар бөліміне, қажет болған жағдайда топтың кадрлар жөніндегі директорына жүгіну кезінде қолдау көрсету.
- Осы Саясаттың ережелерін бұзуға, әсіресе тәртіп бұзушылық болып табылатын қудалауға төзімсіздік таныту.
- Өрдайым әділеттілікті қолдау үшін жұмыста қолданылатын тәжірибеміз бен рәсімдерімізді жиі қарастырып отыру.

Бұл Саясат әсіресе директорларға, желілік менеджерлерге және қызметкерлерді жалдау, оқыту және жоғарылату процесіне қатысатын басқа қызметкерлер мен мердігер ұйымдар, сондай-ақ басқа адамдарға қатысты кез келген жұмысқа орналастыру мәселелері үшін аса өзекті болып табылады. Осы Саясат KAZ Minerals компаниясының әділдіктің жоғары стандарттарына және лайықты еңбек жағдайларына сәйкестігін, сондай-ақ компанияның теңдік саласындағы қолданыстағы заңнаманы сақтауын қамтамасыз етуі үшін үнемі бақыланып және қайта қаралып отырады.

«KAZ Minerals International DMCC» Байқау кеңесі бекітті
2024 жылғы 25 маусым